

ДИНТАНУ

МРНТИ 21.21.31

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.4-30>САМЕТ ОҚАНҰЛЫ^{1*}  ҚҰДАЙБЕРДІ БАҒАШАРОВ² 

¹Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Исламтану кафедрасының оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор (Алматы, Қазақстан), *e-mail: samet_05@mail.ru

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Дінтану және мәдениеттану кафедрасының оқытушысы, PhD, қауымдастырылған профессор (Алматы, Қазақстан), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com

АЛТЫН ОРДА КЕЗЕҢІНДЕГІ ДІНИ ТАНЫМНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДА
ХАНАФИ МӘЗҒАБЫНЫҢ РӨЛІ

Аңдатпа. Мақалада Алтын Орда кезеңіндегі діни танымның қалыптасуында Ханафи мәзһабының рөлі айқындалады. XIII-XV ғасырларда өмір сүрген әйгілі ортағасырлық мемлекет ретінде Алтын Орда мемлекетінде ислам дінін қабылдау маңызды тарихи кезеңдердің бірі ретінде саналады. Айтулы хандардың ислам дінін қабылдауы халықтың мұсылмандық жолға түсуіне түрткі болған факторлардың біріне жатады. Алғашқылардың бірі болып ислам дінін қабылдаған Берке хан (1255-1266) мұсылмандықты хандыққа енгізіп, Алтын Ордада исламның таралуына зор ықпал етті. Берке ханның билігі кезінде ислам діні моңғол ақсүйектері арасында тарала бастағаны мәлім. Ал өз кезегінде Өзбек хан (1313-1340) исламды Алтын Орданың ресми діні ретінде жариялады. Оның билігі кезінде ислам діні мемлекетте кеңінен таралып, мәдениет пен саясатқа үлкен әсер етті. Жәнібек хан өз билігі тұсында Өзбек ханның ісін жалғастырып, ислам дінінің ықпалын одан әрі нығайта түсті. Бұл кезеңде ислам діні Алтын Орда халқының мәдениеті мен тұрмысында маңызды рөл атқарды. Исламның таралуы арқылы араб графикасы да кеңінен қолданысқа түсті. Білім мен ғылымның дамуына оның ықпалы етті. Алтын Орда хандары мен Мәмлүк билеушілері арасындағы ұзақ уақыт діни-дипломатиялық одақтастықтың сақталуы діни таным мен мәдениетінің жақындығы ретінде қарастырылады. Сонымен қатар, Алтын Орда мемлекетінде Ханафи құқықтық мектебінің үстемдік құрғаны тарихи деректер негізінде айқындалып, Ханафи мәзһабының әртүрлі мәселелерді шешудегі өміршеңдігі мен халықтың әдет-ғұрпын шарифатпен үйлестіре білуі осы аймақтарда тұрақтап қалуының басты себебі болғанын бірқатар мәселелерге салыстырмалы талдау жасау негізінде дәлелденеді.

Кілт сөздер: Алтын Орда, ислам, хандар, Ханафи мәзһабы, құқық, Өзбек хан.

Samet Okanuly¹, Kudaiberdi Bagasharov²

¹Egyptian University of Islamic Culture Nur-Mubarak, Lecturer at the Department of Islamic Studies, PhD, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan), e-mail: samet_05@mail.ru

²Al-Farabi Kazakh National University, Lecturer at the Department of Religious Studies and Cultural Studies, PhD, Associate Professor (Almaty, Kazakhstan), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

С. Оқанұлы, Қ.С. Бағашаров. Алтын Орда кезеңіндегі діни танымның қалыптасуында Ханафи мәзһабының рөлі // НИКМЕТ. – 2025. – №4 (6). – Б. 18–29.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.4-30>

***Cite us correctly:**

С. Оқанұлы, Қ.С. Бағашаров. Алтын Орда кезеңіндегі діни танымның қалыптасуында Ханафи мәзһабының рөлі // НИКМЕТ. – 2025. – №4 (6). – Б. 18–29.

<https://doi.org/10.47526/3007-8598-2025.4-30>

Мақаланың редакцияға түскен күні 27.11.2025 / қабылданған күні 28.12.2025.

The Role of the Hanafi Madhhab in the Formation of Religious Thought During the Golden Horde Period

Abstract. The article reveals the role of the Hanafi madhhab in shaping religious understanding during the Golden Horde period. The adoption of Islam in this prominent medieval state of the 13th–15th centuries is regarded as one of the most significant historical milestones. The conversion of notable khans to Islam became a key factor in the Islamization of the population. Berke Khan (1255–1266), one of the first rulers to embrace Islam, introduced the faith into his khanate and greatly contributed to its spread within the Golden Horde. During his reign, Islam began to spread among the Mongol nobility. Later, under Uzbek Khan (1313–1340), Islam was declared the official religion of the Golden Horde, leading to its widespread acceptance and profound influence on the state's culture and politics. Khan Janibek continued Uzbek Khan's legacy, further strengthening Islam's position. During this period, Islam played an important role in the daily life and culture of the Golden Horde's population. The spread of Islam also led to the widespread use of Arabic script, contributing to the advancement of education and science. The long-standing religious and diplomatic alliance between the rulers of the Golden Horde and the Mamluks reflected their spiritual and cultural affinity. Historical sources confirm the dominance of the Hanafi school of law, whose adaptability in harmonizing Sharia with local customs ensured its persistence and influence in the region.

Keywords: Golden Horde, Islam, khans, Hanafi madhhab, law, Uzbek Khan.

Самет Оканулы¹, Кудайберди Багашаров²

¹*Египетский университет исламской культуры «Нур-Мубарак», преподаватель кафедры исламоведения, доктор философских наук, доцент (Алматы, Казахстан),
e-mail: samet_05@mail.ru*

²*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, преподаватель кафедры религиоведения и культурологии, доктор философских наук, доцент (Алматы, Казахстан),
e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com*

Роль Ханафитского мазхаба в формировании религиозного мировоззрения в эпоху Золотой Орды

Аннотация. В статье раскрывается роль ханафитского мазхаба в формировании религиозного мировоззрения в период Золотой Орды. Принятие ислама в этом средневековом государстве XIII–XV веков рассматривается как один из важнейших исторических этапов. Принятие ислама знаменитыми ханами стало одним из ключевых факторов обращения народа в мусульманство. Берке-хан (1255–1266), один из первых правителей, принявших ислам, ввёл мусульманство в ханство и оказал огромное влияние на распространение ислама в Золотой Орде. При его правлении ислам начал распространяться среди монгольской знати. Впоследствии Узбек-хан (1313–1340) провозгласил ислам официальной религией Золотой Орды. При его правлении ислам получил широкое распространение и оказал значительное влияние на культуру и политику государства. Джанибек-хан продолжил дело Узбек-хана, усилив влияние ислама. В этот период ислам сыграл важную роль в культуре и быту населения Золотой Орды. С распространением ислама арабская графика стала активно использоваться, что способствовало развитию науки и образования. Долговременный религиозно-дипломатический союз между ханами Золотой Орды и правителями мамлюков свидетельствует о духовной и культурной близости. Исторические источники подтверждают господство ханафитской школы права, способной гармонично сочетать нормы шариата с народными обычаями, что обеспечило её устойчивость в регионе.

Ключевые слова: Золотая Орда, ислам, ханы, ханафитский мазхаб, право, Узбек-хан.

Samet Okanuly¹, Kudaiberdi Bagaşarov²

¹*Nur-Mubarak Mısır İslam Kültür Üniversitesi, İslam Araştırmaları Bölümü Öğretim Üyesi, PhD, Doçent (Almatı, Kazakistan), e-mail: samet_05@mail.ru*

²*Al-Farabi Kazak Ulusal Üniversitesi, Din Bilimleri ve Kültür Araştırmaları Bölümü Öğretim Üyesi, PhD, Doçent (Almatı, Kazakistan), e-mail: kudaiberdi1981@gmail.com*

Altın Orda Döneminde Dini Dünya Görüşünün Oluşumunda Hanefi Mezhebinin Rolü

Özet. Makalede Altın Orda döneminde dini bilginin oluşumunda Hanefi mezhebinin rolü vurgulanmaktadır. 13.-15. yüzyıllarda var olan ünlü bir ortaçağ devleti olan Altın Orda'da İslam'ın benimsenmesi, en önemli tarihi dönemlerden biri olarak kabul edilir. Adı geçen hanların İslam'ı benimsemesi, halkın İslam'ı benimsemesini teşvik eden faktörlerden biridir. İslam'ı ilk benimseyenlerden olan Berke Han (1255-1266), İslam'ı hanlığa tanıttı ve Altın Orda'da İslam'ın yayılmasında büyük etkisi oldu. Berke Han döneminde İslam'ın Moğol soyluları arasında yayılmaya başladığı bilinmektedir. Buna karşılık Özbek Han (1313-1340) İslam'ı Altın Orda'nın resmi dini ilan etti. Onun döneminde İslam, devlette yaygınlaştı ve kültür ve siyaset üzerinde büyük bir etkiye sahip oldu. Canibek Han, Özbek Han'ın saltanatı boyunca yaptığı çalışmaları devam ettirdi ve İslam'ın etkisini daha da güçlendirdi. Bu dönemde İslam, Altın Orda halkının kültür ve yaşamında önemli bir rol oynamıştır. İslam'ın yayılmasıyla birlikte Arap alfabesi de yaygın olarak kullanılmaya başlanmış ve eğitim ve bilimin gelişimine etki etmiştir. Altın Orda hanları ile Memlük hükümdarları arasında uzun vadeli dini ve diplomatik bir ittifakın sürdürülmesi, dini bilgi ve kültürün yakınlığı olarak kabul edilmektedir. Ayrıca, Altın Orda devletinde Hanefi fıkıh mezhebinin hâkimiyeti tarihsel verilere dayanarak tespit edilmiş ve bir dizi konunun karşılaştırmalı analizi, Hanefi fıkıh mezhebinin çeşitli sorunları çözmedeki canlılığının ve halkın örf ve adetlerini Şeriat ile uyumlu hale getirme becerisinin, bu bölgelerdeki istikrarının temel nedenleri olduğunu kanıtlamaktadır.

Anahtar kelimeler: Altın Orda, İslam, hanlar, Hanefi mezhebi, hukuk, Özbek Han.

Кіріспе

Алтын Орда кезеңі Ортағасырлық Қазақстан тарихындағы ерекше маңызды кезеңдердің біріне жатады. Бұл кезеңде қоғамның әлеуметтік, саяси және мәдени құрылымдары қалыптасып, халықтардың діни танымы мен сенімдері де үлкен ілкімді өзгерістерге ұшырады. Осы кезеңде Орта Азия мен Қазақстан жерінде Ислам дінінің таралуы және орнығуы үлкен рөл атқарды. Ислам дінінің қалыптасуында және таралуында Ханафи мәзһабының ықпалы айтарлықтай болды. Бұл мақалада Алтын Орда кезеңіндегі діни танымның қалыптасуында Ханафи мәзһабының рөлін зерттеу мақсатында негізгі мәселелер қарастырылады. Әртүрлі тарихи деректер мен зерттеулер негізінде Ханафи мәзһабының Алтын Орда қоғамындағы орны мен ықпалы анықталатын болады.

Бұл зерттеудің басты мақсаты - Алтын Орда кезеңіндегі діни танымның қалыптасуында Ханафи мәзһабының рөлін анықтау. Зерттеу барысында Ханафи мәзһабының тарихын, оның негізгі қағидаларын және Алтын Орда кезеңіндегі қоғамға әсерін талдау арқылы осы мәзһабтың діни және мәдени дамуындағы ықпалын анықтау көзделеді.

Зерттеу әдістері

Мақалада Алтын Орда кезіндегі діни ахуалды анықтау үшін сапалы зерттеу әдістеріне басымдық берілді. Зерттеу барысында араб, қазақ, орыс және кеңестік кездегі ғалымдардың деректері пайдаланылып, қазіргі белгілі зерттеушілердің тұжырымдары негізге алынды. Одан бөлек, тарихи фактілерді ашуда тарихилық әдіс, салыстырмалы

талдау, сыни көзқарас секілді әдіс-тәсілдер қолданылды. Алтын Орда кезеңіндегі классикалық діни әдебиеттер мазмұнына Ханафи мәзһабына негізделетінін дәлелдеуде контент анализ әдісі пайдаланылды. Ханафи-Матуридилік мектептердің қасиетті дереккөздерді түсіндірудегі «дүниетанымдық» және «ахуалдық» деп аталатын әдіс-тәсілдеріне анықтама берілді.

Нәтежиелері және талқылау

Алтын Орда билеушілері және ислам

Алтын Орданың территориясы жайында әл-Омаридің, Жуәинидің және орыс зерттеушілерінің, оның ішінде кеңестік ғалымдардың деректеріне сүйенер болсақ, Алтын Орданың құрамына Хорезм, барша Мауераннахр, Сығанақ, Сайрам, бүкіл Дешті Қыпшақ қалаларын, сонымен қатар, Ертіс өзені мен Алтай тауларының кіретінін айтқан (Жамашев, 2023: 401). Алтын Орда мемлекетінде Бату ханның ұрпақтары билік етті. Батудың інісі Беркенің тұсында Алдыңғы Азияның көптеген мұсылман мемлекеттерімен байланыс орнатылады (Sakhı, Z., 2022: 211). Ал Өзбек (1312-1342) ханның кезінде мемлекет күшейіп исламның таралуы үшін үлкен еңбек етті. Сарай қаласынан бастап үлкен отырықшы орталықтар, мешіттер, медреселер және теккелер салынды. Білім адамдары мен дін адамдарына көңіл бөлінді. Осы еңбектерімен әрі ислам әлемінде, әрі өз халқы арасында аты шығып абыройлы болды. Жасаған білімі мен мәдени жұмыстарының арқасында Еділ аймағы ислам өркениетінің маңызды орталықтарының біріне айналды (Хизметли, 2018: 217). Тарихшы Б. Кәрібаев, Бату ханнан Өзбек ханға дейінгі Алтын Орда билеушілерінің исламға деген көзқарастарын мынандай екі топқа бөліп көрсетеді:

1) Мұсылмандықты қабылдамаса да, ислам дінінің Алтын Ордада орнығып, кең таралуына ықпал еткен хандар. Олар – Бату, Мөңке Темір, Төле Бұқа, Тоқтағай хандар.

2) Мұсылманшылықты қабылдап, ислам дінінің Алтын Ордада орнығып, кең таралуына ықпал еткен хандар. Олар – Берке, Туда Мөңке және Өзбек хандар. Біз бұл топқа Орда Ежен ұлысынан Ерзен ханды жатқызамыз (Кәрібаев, 2014: 234).

«Қазақстан тарихы, 7-сынып» оқулығында да, тарихшы Б.Кәрібаевтың Алтын Орданың Бату хан сияқты хандары мұсылмандықты қабылдамаса да ислам дінінің насихатталып, халық арасында кең таралуына ықпал етті деген жағымды пікір айтса, Қазақ даласындағы мұсылмандық тақырыбында кең зерттеулер жүргізіп жүрген Н.Нұртазинаның зерттеулерінде де Б.Кәрібаевтың көзқарасын қуаттайтын пікір айтылады. Алтын Орда империясының жаппай исламдануы XIV ғасырдың бірінші жартысындағы Өзбек хан Мұхаммедтің билеген тұсына тап келді. Қазақтың «Дін Өзбектен қалған», «Өзбек ханның тұсында атамыз қазақ дін баққан, Алтын Орда хандары жердің жүзін шаңдатқан» деген халық аузындағы сөздері де осыны дәлелдейді. Өзбек ханнан кейінгі Алтын Орданы билеген Тыныбек хан, Жәнібек хан, Бердібек хан, Хызыр хан, Орыс хан, Тоқтамыс хан, Едіге би, Темір құтлық, Болат хан, Шәдібек хан, Ахмет хандар да Ханафи мәзһабын ұстанды. Оған Алтын Орда дәуіріне қатысты тарихи деректерде толық негіз бар деуге болады (Исахан, 2021: 246-247). Түркілер мен қазақ тарихындағы ұлы тұлға Өзбек Мұхаммед ханның исламды насихаттауға сіңірген еңбегі жоғары бағалауға әбден лайық. Қазіргі Қазақстанның солтүстік, орталық, батыс және шығыс облыстары енген Жошы ұлысын исламдандыру ісі осы көрнекі тұлғаның еншісіне бұйырылды, ал оның билік еткен тұсы Алтын Орданың саяси қуатының биік шыңға жеткен тұсы болатын. Өзінің асқан діндарлығы, бұлжымас саясаты арқылы Өзбек Мұхаммед хан (1312-1342 жж.) дала билеушілерінің арасында жоғары атақ-даңққа қол жеткізді (Нұртазина, 2020: 74). Самани мемлекеті түркі халықтары арасындағы құрылған алғашқы мұсылман мемлекеті болса, ал Қарахан мемлекеті қазақ даласындағы алғашқы мұсылман мемлекеті болды. Ал қазақ даласында мұсылмандық өмір салтының қайта жандануында Қарахандықтар мемлекетінен (840-1212) кейінгі Алтын Орда мемлекетінің (1242-1502 жж.) рөлі ерекше болғанын айтуға болады. Рузбиханның «Мехманнаме-и Бұхара», Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарихи-

Рашиди», Заһируддин Бабырдың «Бабырнама», Хафиз Таныш әл-Бұхаридың «Абдулланаме», Шайбанилер туралы жазылған «Тауарих-и гузида-йи нусрат-наме», Қадырғали Жалайыридің «Жамиғ ат-тауарих» атты еңбектерінде қазақ халқының ислам дінін ұстанатыны баяндалған. Атап айтар болсақ, Рузбихан «Мейманнаме-и Бұхарасында» Мұхаммед Шайбанидің қазақтарға қарсы қасиетті соғыс жүргізбекші болғанына қарсы тұрады. Себебі қазақтар шынайы мұсылман болатын. Ал Бабыр өз шығармасында Орталық Азия мұсылмандарының Матуриди ақидасын ұстанатынын айта келіп: «Біздің заманымыздағы ең маңызды кітап – «Һидая», - деп көрсетеді. Бұдан өзге ағылшын саяхатшысы Энтони Дженниксон, Джон Кэстль, А.И. Левшиннің жазбаларында да Қазақ халқының ислам дінін ұстанғаны айтылады. Мысалы, Джон Кэстль Әбілхайыр хан кезінде Кіші жүз жерінде алты ай уақыт болып, қазақтардың ислам дінін берік ұстанатынын, әрбір қазақтың бес уақыт намазын қаза қылмайтынын жазып қалдырды. Сондай-ақ Г. Андреев «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» атты еңбегінде: «Қазақтардың заңы Мұхаммедтің дініне негізделген. Олар дінді Бұхара арқылы Жәнібек дәуірінде қабылдаған», - деп Алтын Орданы 1342-1357 жылдар аралығында билеген әз-Жәнібек ханнан бері мұсылман екенін жазады (Жамашев, 2023: 526). Г. Андреевтің «Қазақтар ислам дінін Бұхара арқылы Жәнібек дәуірінде қабылдаған» деген пікір шындыққа жанаспайды. Себебі Алтын Орда кезеңіндегі Жәнібек ханның дәуірінен бұрын Берке хан мен Өзбек хандардың заманында қазақ даласының мемлекеттің ресми діні ислам діні болғанын ескерер болсақ, қазақ халқының ислам дінімен өмір сүруі одан арыда жатқанын көреміз.

Мәмлүк мемлекетімен қатынасы

Шыңғыс-хан құрған империяның күшеюі және одан кейінгі уақытта Жошы ұлысы (Алтын Орда) мен Құлағу ұлысының (Ирандағы Елхан мемлекеті) тарихи сахнаға шығуының және олардың бір-бірімен жауласуға толы қарым-қатынастары XIII-XIV ғасырлар тарихының басты бағытын белгілеп берді. Елхан мемлекетінің Таяу Шығыстағы мұсылман иеліктеріне шабуылдары Мәмлүк мемлекетінің Алтын Ордамен жақындасуына негізгі себеп болған (Батыршаұлы, 2021: 280). Алтын Орданың екінші билеушісі Берке (1209-1266) он жылға жуық билік құрғанда (1257-1266) ислам дінін қабылдап, Мысырдағы Мәмлүк патшалығымен одақ құрып, ислам дінінің нығаюына зор үлес қосты. Һелаку (Құлағу) 1258 жылдың 29 қаңтар – 10 ақпан аралығында аз уақыт ішінде Аббасилер халифатының астанасы болған Бағдат қаласын жаулап алып, Аббасилер династиясының 508 жылдық билігін құлатты. Содан кейін Шам мен Мысырды жаулап алмақ болды. Бірақ Қарақорымда тақта отырған ағасы Мөңке қағанның қайтыс болғанын естіп, Шамға шабуыл жасамақ болған ниетінен қайтпай, әскерге қолбасшы етіп Кетбұғаны тағайындап, өзі Қарақорымға жүріп кетеді. Кетбұға Шамға шабуыл жасап, Әин әл-жәлут мекенінде Құтыз басқарған, Бейбарыс қоштап қатысқан шайқаста жеңіліп, қаза тапты. Һелаку (Құлағу) Қарақорымнан оралған соң Құтыз бен Бейбарыстан өш алмақ болады. Бірақ Берке ханның ислам дінін қабылдағанын естіп, онымен соғысты. Алайда Беркені жеңе алмай, Құтыз бен Бейбарыстан өш алуға мұршасы келмей қалды. Содан Мысыр мен Шам Құлағудың басқаруындағы келесі бір шабуылдан аман қалды (Дулати, 2020: 282-283). Алтын Орданың астанасы – Сарай қаласы мен Мысыр шаһары арасындағы мұндай саяси-дипломатиялық қатынастың тығыз жолға қойылуының басты себебі, біріншіден, екі елдің де бір мәдениет пен ортақ өркениеттің аясына топтасуы болса, екіншіден, түркі халықтарының туысқандық байланысында жатыр еді. Хан ордасы мен сарай маңына шоғырланған ғалымдар мен шайырлар да екі ел арасында «алтын көпір» қызметін атқарды (Қыдыр, 2018: 162). Берке ханның ислам дінін қабылдауы, әуелі Мәмлүктердің Құлағудың мұсылмандарға қарсы шабуылдарына төтеп беруіне ықпал етті. Яғни, мұсылмандардың өз дінімен еркін өмір сүрулеріне мүмкіндік туды. Екіншіден, Орталық Азияда мұсылмандықтың қайтадан жанданып, бір жолата орнығуын қамтамасыз етті. Алтын Орда билеушілері билік жүргізген елді-мекендерде мешіт-медреселер салынып, діни білім беру ісінің ілгерлеуінде, соның

ішінде түркі халықтарының арасында кең таралған Ханафи мәзһабы бір жолата орнығуына ықпал етті. Сонымен қатар, Ханафи мектебін жатсынбайтын түркі халықтары мен тегі түрік болған Мәмлүктер мемлекеті арасындағы діни-дипломатиялық қатынастың жалғасын табуында ғалымдардың «алтын көпір» қызметін атқаруын ескерер болсақ, бір мәзһабта болудың қаншалықты маңызы барын көреміз. Мысыр мен Алтын Ордада ханафилік мектеп барынша насихатталғанының тағы бір дәлелі, Мысырда пайшалар мен сұлтандардың жастанып оқитын «Иршәд әл-мулук уәс-сәлатин» («Патшалар мен сұлтандарға нұсқаулық») атты еңбек жазылады. Ханафи мектебінің шарифаты барынша түсіндіріліп жазылған бұл туынды, тек ел билеушілерінің арасында ғана емес, сонымен бірге қарапайым халық арасында да танымал болған. Сондай-ақ, ханафилікті насихаттайтын Әбу Ләис Самарқанди тарапынан жазылған ғықтық еңбектің арабшадан түркі жазба тіліне тәржімалануы – түркілер арасында Имам Ағзам мәзһабын таратудағы басты ізденістердің біріне жатады (Бабалар ізімен, 2024: 26).

Алтын Орда кезеңінде жазылған діни еңбектер

Тарихшы Ибн Арабшаһтың жазуынша, Берке, Өзбек және Жәнібек хандардың билігі тұсында Хафиз әд-Дин Баззани, шейх Сад әд-Дин ат-Тафтазани, Мәулана Құтб әд-Дин әл-Ислам ар-Рази, Ахмет әл-Хажандари, шейх Жәләл әд-Дин секілді дін ғалымдары қызмет жасаған. Сарай қаласынан шыққан атақты дін ғалымы Мұхтар ибн Махмұт әз-Заһиди (1287 жылы д.ө.) «Жеңімпаз туралы трактат» («Әр-рисәлә ән-нәсирийә») деген туындысын Берке ханға арнап, оған «Дін жолындағы жеңімпаз» («Насир әд-Дин») деген титул да берген еді (Бабалар ізімен, 2024: 23). Орталық Азиядағы Ханафи мәзһабының таралуын зерделеген А.Муминов Сарайда Имам Ағзам ғықтық мектебіне қатысты негізгі еңбектердің қайта көшіріліп, түсініктемелер жазылғанына назар аударған. Ол 1304 жылы Мұхаммед ибн Айюб ибн Жүсіп ибн Хасан ибн Нәсір әл-Жендидің әс-Садр әш-Шахидтің «Умдат әл-фәтуасы» мен Әбу Хафс ән-Нәсәфидің «Мухтар әл-фәтәуә» атты еңбегін қайта көшіріп шыққанын, Шараф әд-Дин ибн Кәмал әд-Дин әл-Қырымидың атақты ғалым Әбу Хафс ән-Нәсәфидің «әл-Ақайд», Сәғд әд-Дин әт-Тайтазанидың «әт-Тәлуих», ал, Ахмет ибн Махмұт әл-Жендидің белгілі фақиһ әл-Мутарризидің «әл-Мисбах» атты туындысына түсініктемелер жазғанын атап өтеді (Муминов, 2015: 228-229). Тарихшы Ибн Арабшаһ атаған ғалымдардың бір сыпырасы Ханафи мәзһабының танымал өкілдері екендігін және А.Муминовтың дерегіндегі келтірілген еңбектердің әрбірі Ханафи мәзһабындағы негізгі қайнаркөз саналатын құнды еңбектер екендігін ескерсек, Алтын Орданың астанасы – Сарай қаласында Ханафи мәзһабы негізгі діни бағыт болған. Осы дәуірде дүниеге келген Насир әд-Дин Бұрхан әд-Дин Рабғұзидың «Қиссас әл-Әнбия», Махмұд Кердеридің «Нәһж әл-Фәрадис», Сейф Сараидың «Гүлістан бит-Түрки», Хорезмидің «Махаббатнамасы», исламның «Мұғинул мүрид», Құтбтың «Хұсрау-Шырын», Хусам Кәтибтің «Жұмжұма», сондай-ақ, авторлары белгісіз «Кесікбас кітабы», «Сираж әл-қулуб» секілді туындыларда әлемнің жаратылу сырларынан бастап, әулие-әнбиелердің өнегелі өмірі мен ғибратқа толы өсиеттері, дүнияуи һәм ақыреттік ғашықтың өзіне тән қырлары, пенденің рухани кемелдену жолдары өлең сөзбен өрнектеледі, қара сөзбен нақышына келтіріле баяндалады (Бабалар ізімен, 2024: 28). Біз төменде осы жерде келтірілген «Мұғинул мүрид» еңбегі мен сол дәуірде жазылған «Раунақул-ислам» атты еңбектің ішіндегі кейбір мәселелерге тоқталып өтуді жөн көрдік. Алтын Орда кезеңінде шарифат негізінде жазылған құнды шығармалардың бірі – «Мұғинул мүрид» (Мүридке көмекші) атты еңбек болса, екінші бірі – «Раунақул-ислам» яғни «Исламның шырағы» атты еңбек. Хорезм өңірінде XIV-XV ғасырларда жазылған бұл екі еңбек де поэтикалық стильде жазылған әрі исламдағы сенім, фиқһ және сопылық мәселелерін ханафи мәзһабы негізінде түсіндіреді, кейде мәзһаб ғалымдары мен өзге мәзһаб ғалымдарының да көзқарасын салыстырмалы келтіріп отырады. Екі еңбектегі Ханафи мәзһабын басшылыққа алған ұқсастықтан Алтын Орда кезеңінде

Ханафи мәзһабының үстемдік еткенін көреміз. Енді сол еңбектерден бірер мысал келтіре кетелік:

«Мұғинул мүрид» еңбегінде:

Әуелі бетті, сосын жу қолыңды,
Толықтай шынтағыңды жу қонымды.

Содан кейін басыңа мәсіх тартқын,
Аяқты тобықпенен жу толымды (Қыдыр, 2018: 73).

«Раунакул-ислам» еңбегінде:

Он екінші бап айтар дәрет жайын,

Парызы қаншалықты болар дәйім.

Төрт парызы болады, ей, біл, кемел,

Парыз етіп жіберді бізге Зул-жәләл (Мустафаева, 2018: 144).

Бұл өлең жолдарымен дәреттің төрт парызы сөз етіледі. Ханафи мәзһабы бойынша, дәреттің парызы төртеу болса, басқа мәзһабтар дәретке қатысты бір бөлім ахад жолымен жеткен (бір тізбек жолымен жеткен сахих хадисті) хадисті дәлел ете отырып, «дәретті ретімен алу», «оң жақтан бастау» және «дәретті алу кезінде арасын үзбеу» сынды кейбір амалдарды да дәреттің парызына жатқызады. Ал Ханафи мәзһабы бойынша, ахад хадистің дәлел саналуы үшін, ондай хадистің Құранның жалқылық мағынасын («хас») білдіретін үкімдеріне қайшы келмеуі шарт. Себебі, Құрандағы жалқы мағынадағы «хас» сөздер қатғи (кесімді) дәлел болып, сол сөзге амал ету міндетті болады. Ал, ахад жолымен жеткен хадис сахих болғанына қарамастан, занни (кесімді емес, ықтимал) дәлел саналғандықтан Құранның «хас» сөздерінен шығатын үкімді мансұқтай алмайды. Алайда, Құрандағы «хас» сөздердің негізінде парыз үкімі берілсе, ал ахад хадиске сүннет үкімі беріледі. Екі дәлел арасында қарама-қайшылық туындамағандықтан, әр екеуіне де өз деңгейінде амал етіледі (Оқанұлы, 2019: 66).

«Мұғинул мүрид» еңбегінде:

Бұл сабақтан он екі парызды біл,

Керегінді ұғып ап сақтанып жүр.

Намаздың сыртында алтау, ішінде алтау,

Қаза қылмай бәрін де орында кіл (Қыдыр, 2018: 73).

«Раунакул-ислам» еңбегінде:

Он екі парыз намазда бар делінді,

Ішінде алтау, сыртында алтау жар делінді (Мустафаева, 2018: 152).

Ханафи мәзһабы бойынша, намаздың он екі парызы бар. Олардың алтауы намаздың тысында, қалған алтауы намаздың ішінде. Намаздың тысындағы парыздар намаздан бұрын және намазға дайындық ретінде болғандықтан, оларды «намаздың шарттары» деп атайды. Ал қалған алтауы намаздың ішінде болғандықтан, «намаздың рүкүндері (тіректері)» деп аталады. Намаз парыздарының кемінде бірі орындалмаса, намаз жарамсыз болып есептеледі (Анарбаев, 2018: 143). Ал Шафиғи мәзһабы бойынша, «тағдил әркан», яғни, намаздағы рукуғ, сәжде, қиям секілді парыздарды сәл кідіріп, толық орындау шарт. Намаздың бір рукунінде тағдил әркан орындалмаса, намаз дұрыс болмайды. Алла елшісінің (саллаллһу ғәлейһи уә сәлләм) бір адам рукуғты толық орындамағанда оған: «...түр да намазыңды қайтадан оқы, өйткені сен намаз оқымадың» деген ахад хадисті дәлел ретінде келтіріп, Ханафи мәзһабы атап өткен намаздың парыздарынан тыс тағдил әрканды да намаздың парызы ретінде міндеттейді. Имам Әбу Ханифаның дәлелі Құрандағы: «Уа, иман келтіргендер! Рукуғқа иліңдер...» (Әкімханов, 2015: 22/77.) деген аяттағы «рукуғ» сөзінің мағынасы – иілу дегенді білдіреді. Бұл хас (жалқы) үкім болып саналады, ал жалқы нақты болса, ол басқа қосымша мағынаны, түсіндірмені қажет етпейді. Сондықтан, Ханафи мәзһабында рукуғтың орындалуы үшін иіліп еңкею көрініс тапса, рукуғ парызы орындалған болып есептеледі. Осылайша, Құранның хас үкімін (рукуғтың парыздығын) ахад хадис (хадистегі тағдил әркан) өзгертпейді (Әділбаев, 2024: 273). Ханафи мәзһабы бойынша,

сәжде және қиям мәселелерінде де аятта үкімі нақты келгендіктен, сәжде де ағзалардың жерге тиюі (сәл кідіріп жатпаса да), қиям да тік тұғанның бейнесі көрінісі тапса болды парыз міндеті орындалған болады. Ол үкімдердің де үкімін «тағдил әркан» ахад хадисі өзгертпейді.

«Мұғинул мүрид» еңбегінде:
Білгің келсе уәжіп намаз ішіндегі,
Дұрыс болар тыңдап ап түсінгенің.
Екі рәкәғат ішінде «Фатиханы»,
Әуелі оқысын бұл кісің деді (Қыдыр, 2018: 78).

«Раунакул-ислам» еңбегінде:
Уәжіп сол – «Фатиханы» оқығаның,
Даяр етіп сүрені зам тоқығаның (Мустафаева, 2018: 153).

Бұл өлең жолдарынан да «Фатиха» сүресін оқуды намаздың уәжіптерінен де дей отырып, ханафи мәзһабына тән пікірді баяндап отыр. Себебі Шафиғи мәзһабы бойынша, «Фатиха» сүресін оқудың өзі намаздың бір парызы саналады. Алла елшісінің (саллалһу ғәлейһи уә сәлләм): «Фатиха сүресін оқымағанның намазы жоқ» деген ахад хадисін дәлел етеді. Ханафи мәзһабы ғалымдары Құрандағы: «Құраннан жеңіл келгенін оқындар» (Әкімханов, 2015: 73/20.) деген аятты дәлел ретінде келтірген. Намаздағы Құран оқу бұйрығы «ғәм» түрінде, яғни, жалпылықты білдіріп мұтлақ (абсолютті) күйде келген. Ғәмның үкімі қатғи (кесімді) болғандықтан, оны Пайғамбардың (саллалһу ғәлейһи уә сәлләм): «Фатиха сүресін оқымағанның намазы жоқ» деген ахад хадисі «ғәмға» тақийд (қосымша үкім) жүктей алмайды. Осылайша, Ханафи мәзһабында аят пен хадисті ұштастыра отырып, Құран аятына парыздық үкімді, ал ахад хадиске уәжіптік үкім берілген (Әділбаев, 2024: 275). Зекет жайлы «Мұғинул мүрид» еңбегінде:

Ат басына бір алтын зекет болар,
Болмаса алтын құнын бер сол да жарар.
Ақта атқа жүрмейді бұл зекетің,
Ханифа үкімі бұл, ей, жарандар (Қыдыр, 2018: 93).
Зекет жайлы «Раунакул-ислам» еңбегінде:
Атта болса сайма (жәйлімдағы) еркек, тіші (ұрғашы),
Әрбіріне бір алтын біл, ей, кісі.
Немесе оның құны есептелер,
Ғұшырдың рубғынан зекет берер (Мустафаева, 2018: 165).

Имам Әбу Ханифаның көзқарасы бойынша, мініс көлігінен тыс әрбір жылқы басына (еркек, ұрғашы, үлкен немесе кіші болсын) бір динар (алтын) немесе құны нисаб мөлшеріне толса, соның 2,5% мөлшерін зекет ретінде беру керек. Ал имам Мәлік және имам Шафиғи сынды ғалымдар жылқы малынан зекет берілмейтінін айтқан. Сонымен қатар, Ханафи мәзһабында зекеті берілетін дүние-мүліктің (яғни, төрт түлік малдың, алтын-күмістің және т.б.), пітір садақасының, кәффараттың, ұшурдың (егіндік дақылдарының) және нәзірдің құнын беру де дұрыс. Ал Мәлики, Шафиғи және Ханбали мәзһабтарында зекеті берілетін дүние-мүлік және т.б. қайсысы болса да зекет өз түрінен берілу керек, құнын беру дұрыс болмайды (Али Молла, 2005: 96-107). Сондай-ақ, әрқандай бір дүние-мүліктің зекеті ретінде берілетін мөлшерінің құнын беру – зекет алған тараптың қажеттілігін шешуде өміршең екендігі бүгінде құпталған ортақ пікірге айналды десек болады. Себебі ақшамен адам баласы кез-келген қажеттілігін өтей алады. Әрі авторлардың көзқарас қайшылығы бар мәселелерде ханафи мәзһабының пікірін келтіруі да ғылым ілімін терең меңгергендіктерін көрсетеді. Ортағасырлық түркі әдеби тілінде «хамал» деп аталған. Бұл сөз беріде «амал» деп қолданыла бастаған. Содан парсыша «наурызға» («ноу-руз») - «жаңа-күн») ауысты. Рабғұзидың «Күн хамалға келгенінде келді әлем наурызы» деп жырлауы да сондықтан (Бабалар ізімен, 2024: 30). Ислам дініндегі Ханафи мәзһабының толеранттылығы қазақтар мен түркітілдес халықтардың көне мерекесі болып табылатын

Наурызды сақтап қалуына мүмкіндік берді. Ислами сана-сезімнің пайда болуымен ол енді монотеизмге (бірқұдайшылыққа) бейімделді. Қазақ халқының Наурыз мейрамы кезінде Құран оқылып, садақа таратылды, бір-бірімен араздасып, ренжіскен адамдар кешірім сұрасып, қайта татуласты. Бұл күндері сопылық мифология мен «халықтық ислам» кейіпкері Қызыр Ата үйлерді аралайды деген берік сенім болды. Түркі-ханафи ғалымдардың, аймақтық ислам білгірлерінің диалектикалық көзқарасының арқасында орта ғасырлардағы мұсылман қазақтар қоғамдастығында дәстүрлі халық музыкасы – ән мен күйге, көшпенділердің ұлттық ойындары мен жарыстарына, жылқы етін жеп, қымыз ішуге, сондай-ақ өзінің ұлттық киімін киюге тыйым салынған жоқ. Діни үгіт-насихаттың өзі, керісінше, өлең мен жыр түрінде айтылды (Нұртазина, 2020: 116-117). Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) пайғамбар Меккеден Мәдинаға һижрет етіп барған кезінде Мәдинадағы жергілікті халықты екі мейрамы бар еді. Ол екі мейрамды құрбан айт және ораза айт мейрамына ауыстырды. Жергілікті халық өздерінің ғасырлар бойы тойлап келе жатқан (арақ ішіліп, бейәдеп би биленетін) мейрамдарын түбегейлі мансұқтамай, оны «құлшылық форматындағы» мұсылмандық түсінікке сай атап өткізудің үлгісін көрсетті. Яғни, мұсылмандарға бірер күн бұрын үйдің айналасын тазалап, жуынып-шайынып, жақсы киімдерін киіп, айт күні ерте айт намазына барып, содан кейін құрбан шалып, мол дастархан жайып және бір-бірін бірнеше күн бойы айттау «құлшылық форматындағы» үлгісін көрсетіп берді. Мұхаммед (саллаллаһу әлейһи уә сәлләм) пайғамбардың бұл мағыналы өнегесін ұқсасы қазақтар мен түркітілдес халықтардың көнеден тойлап келе жатқан Наурыз мерекесін көнеден келе жатқан үрдістен өзгешелеп, «құлшылық форматына» бейімдеп, яғни, Наурыз мерекесінде Құран оқылып, наурыз көжесі үлестіріліп, садақа таратылатын және бір-бірімен ренжіскен адамдардың кешірісіп татуласатын мұсылмандық түсінікке сай аталып өтілетін мерекеге айналдыра білді.

Қорытынды

VII ғасырдың басында ислам діні адамзат қоғамына келген күннен бастап бүгінге дейінгі кезеңдерде қазақ даласында ислам дінінің қалыптасуы мен қазақ халқының мұсылмандық жолды толығымен қабылдау уақыты болды. Тарихта түркі халықтары ислам дінін қабылдағаннан кейін Тұлунидтер мемлекеті (868-905), Еділ Бұлғарлардың хандығы (VII-XV ғғ.), Ихшид мемлекеті (935-969 жж.), Қарахандықтар мемлекеті (840-1212), Ғазнауилер мемлекеті (962-1187 жж.), Селжұқтар мемлекеті (1040-1157 жж.), Хорезмшах мемлекеті (1157-1231 жж.), Мамлүктер мемлекеті (1250-1517 жж.), Алтын Орда мемлекеті (1242-1502 жж.), Әмір Темір империясы (1370-1507 жж.) және Осман халифаты (1281-1924 жж.) сияқты ұлы мемлекеттер мен империялар Азия, Еуропа және Африка құрлықтарында ислам дініне қызмет етті. Адамзаттың мың жылдықтан астам тарихына «түркілік ислам өркениеті» атты өркениеттік үлесін қоса білді. Сонымен қатар, осы мемлекеттердің сүннилік мектептердің ішіндегі Ханафи мәзһабына басымдық беріп, діни бағыты етті. Бүгін сәләфилік бағыттағы, яғни дәстүрлі Ханафи мәзһабын мойындамайтын жаһандық саясаттың құралына айналған әсіре діндарлар қазақ мұсылмандық түсінігіне, оның ғасырлар бойы жинақталған, болмысқа айналған түсінік танымын жоққа шығарып жүр. Мұның зардабы кешегі коммунистік идеология жүргізген ұлтсыздандру саясатынан да асып түсуі мүмкін. Өйткені, олар қазақты бүгін ғана мұсылмандықты қабылдаған ел сияқты көрсетіп, өздерін таза ислам атынан, кей жерлерде Алланың атынан сөйлеп, халықтың қалыпты діни сенімі мен танымынан бездіруге жұмыс жасауда. Демек, олар қазақтың сан ғасырлық тарихы мен діни тәжірибесін жоққа шығарып отыр. Бұл нағыз революциялық тенденция. Ал исламның рухында революция емес, эволюция ғана бар екендігін сәләфилер сезінбейді. Тек өздерінің танымын ғана тықпалай береді. Еркін сұхбатқа емес, психологиялық қысымға негізделген рухани экспанциясын жүргізіп отыр (Қазақстан, 2013: 13). Ханафилік мектеп әдіснамасына сай түсіндірілетін сүннилік мәндегі исламның атап көрсететін тағы бір маңызды нәрсесі, ол исламның қайнаркөздерін (Құран мен сүннетті)

«дүниетанымдық» және «ахуалдық» (қандай да бір күтпеген жағдайлардың болуымен шартталған) деп жіктеу қажеттілігі. Әсілі бейбіт, тату өмір сүру қағидаты «дүниетанымдық» ретінде сипатталатын Құранның аяттарымен бекітілген. Сондықтан, «ханафилік мектептің» түсіндіру әдіснамасына сай соғыс, соғыс әрекеттері – қашанда уақытша «ахуалдық» қимылдар және ислам қайнаркөздері мұсылмандарға тек кейбір мәжбүр болған жағдайларда ғана күш қолдануға рұқсат береді, ал әртүрлі дін өкілдерімен бейбіт қатар өмір сүру жалпы қабылданған «дүниетанымдық» ереже болып табылған (Ұлы дала, 2019: 143). Ханафи-Матуридилік мектептердің Құран аяттары мен Пайғамбар (с.ғ.с.) хадистерін түсіндірудегі «дүниетанымдық» және «ахуалдық» деген сынды әдіс-тәсілдері – аталмыш мектептердің Орта Азиядағы Түркі мемлекеттердің ата заң қызметін атқарып, діни идеологиялық платформасын қалыптастыруда әлеуеттілігін көрсете білді. Сонымен қатар, ислам дінін Орта Азия түркі халықтарының ғасырлар бойы ұстанып, ажырамас бір бөлігі ретінде қабылдауы – бұл діннің саяси және әлеуметтік мәселелерді де реттеудегі және қазақ халқының әдет-ғұрпының қалыптасуында да рөлінің ерекше болғанын айғақтауда.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- Али Молла Қари Н. (2005). *Фатху баил-Гинәя фи шархи китәб ән-Ниқая* (2 том). Байрут: Дәруд-Дия баспасы, – А. 414.
- Анарбаев, А., & Қарақұлов, Е. (2018). *Ислам ғылымхалы (ханафи мәзһабы бойынша)*. Алматы: Көкжиек баспасы, – Б. 704.
- Әкімханов, А., & Анарбаев, Н. (2015). *Құран кәрім. Қазақша түсіндірмелі аударма*. Алматы: Көкжиек баспасы, – Б. 624.
- Әділбаев, А., Әділбаева, Ш., & Оқанұлы, С. (2024). *Ислам құқығы негіздері (Усул әл-фиқһ әл-ислами)*. Алматы: Муфтият баспасы, – Б. 496.
- Бабалар ізімен: Қазақ даласындағы мұсылмандық мектеп. (2024). Жоба жетекшісі Н. Тағанұлы. Астана: Муфтият баспасы, – Б. 412.
- Батырша-ұлы, Б. (2021). *Мысыр Мамлук мемлекетінің Деһті-Қытшақпен байланыстары. XIII-XV ғғ.: Зерттеу-монография*. Алматы: Нұр-Мұбарак баспасы, – Б. 416.
- Дулати, М. (2020). *Тарих-и Рашиди* (И. Жеменей, ауд.). Алматы: Қазақ университеті. 1-кітап, – Б. 367.
- Жамашев, А., Мажен, Е., & Жомарт, Д. (2023). *Темірқазық (Қазақ жеріндегі ислам дінінің өткені мен бүгіні)*. Алматы: Дәуір баспасы, – Б. 672.
- Исахан, М., & Сатыбалдиева, А. (2021). *Қазақстандағы ислам тарихы*. Нұр-Сұлтан: Муфтият баспасы, – Б. 280.
- Кәрібаев, Б.Б. (2014). *Қазақ хандығының құрылу тарихы*. Алматы: Сардар баспа үйі, – Б. 520.
- Қазақстан дәстүрлі діні мен төл тарихының өзекті мәселелері. (2013). Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары жинағы. Түркістан: Түркістан баспасы, – Б. 242.
- Қыдыр, Т.Е. (2018). *Деһті қытшақ даласындағы ислами әдебиет (X-XV) (Ислам, иман және ихсан мәселелерінің жырлану ерекшеліктері)*. Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры корпоративтік қоры, – Б. 200.
- Қыдыр, Т.Е., & Мустафаева, К.М. (2018). *Мугинул-мурид (мүридке көмекиі): Аударма*. Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры корпоративтік қоры, – Б. 120.
- Муминов, А.К. (2015). *Ханафитский мазһаб в Центральной Азии* (С.М. Прозоров, ред.). Алматы: Қазақ энциклопедиясы, – Б. 400.
- Мустафаева, К.М. (2018). *Исламның шырағы (раунақул-ислам)*. Астана: Рухани құндылықтарды қолдау қоры корпоративтік қоры, – Б. 208.
- Нұртазина, Н. (2020). *Қазақы мұсылмандық дәстүрдің генезисі*. Алматы: Қазақ университеті, – Б. 170.
- Оқанұлы, С. (2019). *Үкім аяттардың түсіндірмесі*. Нұр-Сұлтан: Меже баспасы, – Б. 276.
- Saklı, Z., & Selçuk, H. (2022). Güney Kazakistan sosyal hayatında türbeler ve türbelerde yapılan ziyaretler. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 103, – S. 205–225.

Ұлы дала халқының діни бірегейлігі қалыптасуының рухани қырлары. (2019). Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары жинағы. Алматы: ҚР БҒМ Философия, саясаттану және дінтану институты, – Б. 600.

Хизметли, С. (2018). *Орта ғасырлар тарихы және өркениеті*. Астана: Астана Бланк Издат баспасы, – Б. 289.

REFERENCES

Ali Molla Qari N. (2005). *Fathu bail-Ghinäya fi sharhi kitāb an-Niqaya* (2 tom). [Fathu bail-Ghinäya fi Sharhi Kitāb an-Niqaya (2 volumes)]. Bayrut: Dārūd-Diyya baspasy, – A. 414. (In Arabic).

Anarbaev, A., & Qaraqulov, E. (2018). *Islam ғұlmhali (hanafi māzhaby boyınsha)*. [Islamic Sciences (According to the Hanafi Madhhab)]. Almaty: Kökzhiek baspasy, – B. 704. (In Kazakh).

Äkimhanov, A., & Anarbaev, N. (2015). *Quran kārīm. Qazaqşa tūsindirmeli audarma*. [The Holy Quran: Kazakh Explanatory Translation]. Almaty: Kökzhiek baspasy, – B. 624. (In Kazakh).

Ädilbaev, A., Ädilbaeva, Ş., & Oqanuly, S. (2024). *Islam quqıgı negizderi (Usul āl-fiqh āl-islami)*. [Foundations of Islamic Law (Usul al-Fiqh al-Islami)]. Almaty: Muftiyat baspasy, – B. 496. (In Kazakh).

Babalar işimen: Qazaq dalasındaǵı musulmandıq mektep. [In the Footsteps of the Ancestors: The Muslim School in the Kazakh Steppe]. (2024). Joba jetekşisi N. Taǵanuly. Astana: Muftiyat baspasy, – B. 412. (In Kazakh).

Batyrşa-uly, B. (2021). *Mısır Mamlük memleketiniñ Deshti-Qıpşaqpen baylanıstarı. XIII-XV ǵǵ.: Zertteu-monografiya*. [Relations of the Mamluk State of Egypt with the Desht-i Qipchaq, 13th–15th Centuries: Research Monograph]. Almaty: Nur-Mübarak baspasy, – B. 416. (In Kazakh).

Dulati, M. (2020). *Tarikh-i Rashidi* (I. Zhemenei, aud.). [Tarikh-i Rashidi (translated by I. Zhemenei)]. Almaty: Qazaq universiteti. 1-kitap, – B. 367. (In Kazakh).

Jamashov, A., Majen, E., & Jomart, D. (2023). *Temirqazyq (Qazaq jerindegi islam dininiñ ötenki men bügini)*. [Temirqazyq (The Past and Present of Islam in the Kazakh Land)]. Almaty: Däwir baspasy, – B. 672. (In Kazakh).

Isakhan, M., & Satıbaldieva, A. (2021). *Qazaqstandaǵı islam tarıhı*. [The History of Islam in Kazakhstan]. Nur-Sultan: Muftiyat baspasy, – B. 280. (In Kazakh).

Käribaev, B.B. (2014). *Qazaq xandıǵınıñ qurılıu tarıhı*. [The History of the Formation of the Kazakh Khanate]. Almaty: Sardar baspa üyi, – B. 520. (In Kazakh).

Qazaqstan дәstürli dini men töl tarıhınıñ özeki мәseleleri. [Current Issues of Kazakhstan's Traditional Religion and Native History]. (2013). Respublikalyq ǵılmi-praktikalıq konferenciya materialdary jınaǵı. Türkistan: Türkistan baspasy, – B. 242. (In Kazakh).

Qydir, T.E. (2018). *Deshti qıpşaq dalasındaǵı islami әdebiet (X-XV) (Islam, iman jäne ihsan мәseleleriniñ jurlanu ereşelikteri)*. [Islamic Literature in the Desht-i Qipchaq Steppe (10th–15th Centuries): Features of the Representation of Islam, Faith, and Ihsan]. Astana: Ruhani qundılıqtardy qoldau qorı korporativtik qorı, – B. 200. (In Kazakh).

Qydir, T.E., & Mustafaeva, K.M. (2018). *Muǵinul-murid (müridke kömekşi): Audarma*. [Mughīn al-Murīd (Assistant for the Murid): Translation]. Astana: Ruhani qundılıqtardy qoldau qorı korporativtik qorı, – B. 120. (In Kazakh).

Muminov, A.K. (2015). *Xanafitskiy mazhab v Central'noy Azii* (S.M. Prozorov, red.). [The Hanafi Madhhab in Central Asia (S.M. Prozorov, ed.)]. Almaty: Qazaq entsiklopediyasy, – B. 400. (In Russian).

Mustafaeva, K.M. (2018). *Islamniñ şıraǵı (raunaqul-islam)*. [The Light of Islam (Raunaqul-Islam)]. Astana: Ruhani qundılıqtardy qoldau qorı korporativtik qorı, – B. 208. (In Kazakh).

Nurtazina, N. (2020). *Qazaqı musulmandıq дәstürdiñ genezisi*. [The Genesis of the Kazakh Muslim Tradition]. Almaty: Qazaq universiteti, – B. 170. (In Kazakh).

Oqanuly, S. (2019). *Ükim ayattardıñ tūsindirmesi*. [Interpretation of the Rulings of the Qur'anic Verses]. Nur-Sultan: Meje baspasy, – B. 276. (In Kazakh).

Saklı, Z., & Selçuk, H. (2022). Güney Kazakistan sosyal hayatında türbeler ve türbelerde yapılan ziyaretler. [Mausoleums and Visits to Mausoleums in the Social Life of Southern Kazakhstan]. *Türk Kültürü ve Hacı Bektaş Veli Araştırma Dergisi*, 103, – S. 205–225. (In Turkish).

Ulı dala halqınıñ dini biregeyligi qalıptasınıñ ruhanı qırları. [Spiritual Aspects of the Formation of the Religious Identity of the Great Steppe People]. (2019). Halyqaralıq ǵılmi-täjiribelik konferenciya materialdary jınaǵı. Almaty: QR BGM Filosophiya, siyasattanw jäne dintanu instituty, – B. 600. (In Kazakh).

Xizmetli, S. (2018). *Orta ğasırlar tarıhı jäne örkenieti*. [History and Civilization of the Middle Ages]. Astana: Astana Blank Izdat baspasy, – B. 289. (In Kazakh).